

**«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Бұйрық

Жігерген елді мекені

№ 6

26.08 2022 жыл

**Қазығұрт аудандық білім бөлімінің
«Абай атындағы жалпы орта мектеп»
коммуналдық-мемлекеттік мекемесінде
2022 – 2023 оқу жылының басталуы туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілде Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабы, 14-тармағы, 3-тармақшасын және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрілігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 жылғы бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Қазығұрт ауданының адами әлеуеттік дамыту бөлімінің 26 тамыз 2022 жылғы № 182 санды бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Абай атындағы жалпы орта мектеп» коммуналдық-мемлекеттік мекемесінде 2022 – 2023 оқу жылының басталу мерзімі 2022 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін. Оқу жылының ұзақтығы мектепалды дайындық топтарында 35 оқу аптасы, 1-сыныптарда 35 оқу аптасы, 2 – 11-сыныптарда 36 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады. Оқу жылы барысында каникулдар:
 - 1) 1 – 11-сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылдың 31 қазан - 06 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 08 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз алғанда);
 - 2) Мектепалды даярлық топтарында: 7 күн (2022 жылдың 31 қазан - 06 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 08 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз алғанда);
 - 3) Мектепалды даярлық топтары мен 1- сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 06-12 ақпанды қоса алғанда) мерзімде белгіленеді.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу істері жөніндегі орынбасары М. Нұржігітовқа жүктелсін.

Мектеп директоры

С. Қожанов